

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдарының оқушыларын медициналық-санитарлық қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Денсаулық сақтау ісі жөніндегі 11.09.2000 ж. N 892 агенттігі төрағасының 23.08.2000 ж. N 533 Бірлескен бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 22.08.2000 жылы тіркелді. Тіркеу N 1257. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 12 шілдедегі N 505 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 19 шілдедегі N 389 Бірлескен бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.07.12 N 505 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010.07.19 N 389 Бірлескен бұйрығымен

"Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Z970111_ Қазақстан Республикасы Заңының 15, 44-баптарын және "Білім туралы" Z990389_ Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабын іске асыру мақсатында **Б Ұ Й Ы Р А М Ы З** :

1. Қоса беріліп отырған кәсіптік мектептің, лицейдің және колледждің фельдшерлік денсаулық пункті туралы ереже бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау және білім беру басқармаларының (департаменттерінің) бастықтары:

1) осы бұйрық денсаулық сақтау мен бастауыш және орта кәсіптік білім беру орындары қызметкерлерінің назарына жеткізілсін және оқу жылының басында кәсіптік мектептердің, лицейлердің және колледждердің оқушыларына медициналық көмекті ұйымдастыруды жақсарту және олардың әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етілуі мен білім алуының бірінші кезектегі мәселелері бойынша бірлескен семинарлар өткізілсін;

2) 2000-2001 жылдардың ішінде, кейін нәтижелерін бірлескен алқада талқылай отырып, оқу процесінің, өндірістік практиканың, тұрмысы мен демалысының, тамақтану ұйымдастыру мен кәсіптік мектептердің, лицейлердің және колледждердің оқушыларының арасында емдеу-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастырудың жағдайларын бірлескен тексеру өткізілсін;

3) 2000-2001 жылдардың ішінде қолданылып жүрген штаттық нормативтерге сәйкес 300-600 оқушысы бар қалалық және оқушыларының саны 300-ден төмен селолық жерлердегі кәсіптік мектептерде, лицейлерде және колледждерде

денсаулық пункттерін ашу аяқталсын;

4) кәсіптік мектептер, лицейлер және колледждер оқушыларының арасында салауатты өмір салтын, ЖҚТБ-ның және зиянды әдеттердің алдын алу мен оларға қарсы күрес жүргізуге баса назар аудара отырып, санитарлық-гигиеналық тәрбие жөніндегі бірлескен жұмыстар жандандырылсын;

5) кәсіптік мектептердің, лицейлердің және колледждердің оқушылары салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметі өткізетін республикалық және аймақтық іс-шаралар мен акцияларды өткізуге тартылсын.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының (департаменттерінің) бастықтары:

1) кәсіптік мектептер, лицейлер және колледждер аумақ бойынша амбулаториялық-емханалық ұйымдарға бекітілсін, бұл жағдайда денсаулық сақтаудың бұл ұйымдары басшыларының оқушылардың денсаулығын қорғау мен олардың жұмысының сапасын бағалауға қағидатты түрде келуге жауапкершілігі арттырылсын;

2) зерттеудің зертханалық, аспаптық және аппараттық әдістерін пайдалана отырып, жүргізілетін алдын алу медициналық тексерулердің қамту ауқымдылығы мен сапасын арттыруға баса назар аудара отырып, оқушыларды жыл сайынғы диспансерлеудің, оның ішінде кәсіптік мектептерге, лицейлерге және колледждерге түсу кезінде диспансерлеудің уақытылы және сапалы жүргізілуі қамтамасыз етілсін. Оқушылардың 100 пайыздық санациясы қамтамасыз етілсін;

3) жүрек-қан тамыры және неврологиялық аурулардың, тірек-қимыл аппаратының, асқазан-ішек жолының, көру өткірлігінің төмендеуі мен гиподинамия ауруларының алдын алу үшін дене шынықтыру және спортпен белсенді түрде шұғылдану ұтымды және ем-дәмдік тамақтану ұсынылсын;

4) әсіресе құқық бұзушылыққа бейім адамдар үшін медициналық көмектің мамандандырылған түрлерін (психоневрологиялық және наркологиялық) көрсету жақсартылсын.

4. Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының ұлттық орталығы кәсіптік мектептер, лицейлер және колледждер оқушыларының арасында салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға аппараттық және әдістемелік көмек көрсетілсін.

5. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлері:

1) кәсіптік мектептердің, лицейлердің және колледждердің жобалануларына, құрылысы мен қайта жаңғыртылуына санитарлық қадағалау күшейтілсін, аяқталмаған құрылыс объектілерін пайдалануға беруге жол берілмесін;

2) оқу, өндірістік практика, тұрмыс, демалыс және тамақтану жағдайларына

ағымдағы санитарлық қадағалау сапасы арттырылсын;

3) кәсіптік мектептердің, лицейлердің және колледждердің директорларына қолданылып жүрген санитарлық нормалар мен ережелердің (N 02.01.003-95) (бұдан әрі - СанЕжН N 02.01.003-95) орындалуы жөніндегі талапшылдық а р т т ы р ы л с ы н .

6. Кәсіптік мектептердің, лицейлердің және колледждердің директорлары:

1) санитарлық гигиеналар мен нормаларға жауап беретін үй-жай бөлінсін, қажетті жөндеуді, жиыстыру мен коммуналдық қызметтерге ақы төлеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) қолданыстағы жабдықтар табеліне сәйкес денсаулық пункттерін қажетті медициналық жабдықтармен, жұмсақ және қатты мүкәммалмен жарақтандыруға к ө м е к к ө р с е т і л с і н ;

3) кәсіптік мектептердің, лицейлердің және колледждердің оқушылары жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету, оқушыларды тағам өнімдерінің ет, сүт, балық, май, ірімшік, көкөністер мен жемістер сияқты қажетті ассортименті бар ыстық тамақпен, ал созылмалы сырқаттары бойынша диспансерлік есепте тұратын оқушыларды - ем-дәмдік және қосымша тамақпен және санаторийлік-курорттық емделуге жолдамамен қамту мәселелері шешілсін;

4) ыдыс-аяқтың, жуу және дезинфекциялау заттарының жеткілікті санымен қ а м т а м а с ы з е т і л с і н ;

5) жастарды кәсіптік мектептерге, лицейлерге және колледждерге қабылдау оларды таңдаған мамандығы бойынша оқуға кәсіптік жарамдылығы туралы медициналық комиссияның қорытындысы (086/у нысаны) болған жағдайда ж ү р г і з і л с і н ;

6) санитарлық-гигиеналық және эстетикалық талаптарды қатаң басшылыққа ала отырып, жаңа оқу жылының басына дейін оқу корпустарын, шеберханаларды , жатақханалар мен асханаларды жөндеу уақытылы қамтамасыз етілсін;

7) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі жыл сайын 20 қыркүйектің қарсаңында осы бұйрықтың орындалу барысы туралы х а б а р д а р е т і л с і н .

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі емдеу-алдын алу мекемелерінің қызметін үйлестіру, ғылым және білім департаменті мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Бастауыш және орта кәсіптік білім беру департаментіне жүктелсін.

8. Бұйрықты қажетті данада көбейтуге және денсаулық сақтау мен білім беру ұйымдарына жеткізуге рұқсат етіледі.

9. Осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеу қамтамасыз етілсін.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
агенттігінің Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі
11.09.2000 ж. N 892
бұйрығымен бекітілген
бекітілген

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау ісі жөніндегі

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау ісі жөніндегі
агенттігі
23.08.2000 ж. N 533 бұйрығымен

Кәсіптік мектептің, лицейдің және колледждің фельдшерлік денсаулық пункті туралы ереже

1. Фельдшерлік денсаулық пунктi қалада да, селолық жерлерде де қолданыстағы штаттық нормативтерге сәйкес 300 және одан да көп оқушысы бар кәсіптік мектептің, лицейдің және колледждің жанынан ұйымдастырылады және амбулаториялық-емханалық ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Селолық жерлерде орналасқан оқушыларының саны 300-ден аз кәсіптік мектептерде, лицейлерде және колледждерде қажет болған жағдайда денсаулық сақтау пункттері ұйымдастырылуы мүмкін, ал олардағы медициналық қызметшілердің штаттары саны 300-600 адам болатын кәсіптік мектептерге, лицейлерге және колледждерге қызмет көрсететін денсаулық пункттеріндей б о л ы п к ө з д е л е д і .

2. Денсаулық пунктiнiң уақыты ол жанынан ұйымдастырылған кәсіптік мектептің, лицейдің және колледждің жұмыс режиміне қарай белгіленген т ә р т і п п е н а н ы қ т а л а д ы .

3. Фельдшерлік денсаулық пунктiн фельдшер басқарады және жасөспірімдер дәрігерінің, ал ол жоқ болған кезде - амбулаториялық-емханалық ұйымның учаскелік дәрігерінің басшылығымен жұмыс істейді.

4. Фельдшерлік денсаулық пунктiнiң негiзгi мiндеттерi:

1) кенеттен ауырған, жарақат алған, уланған жағдайларда, алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету науқастар мен зардап шеккендерді амбулаториялық-емханалық немесе стационарлық ұйымдарға жіберу, ал қажет болған жағдайда оларды көлікпен жеткізуді ұйымдастыру;

2) оқушыларды медициналық көрсеткіштері бойынша оқу күнінің аяғына дейін кейін амбулаториялық-емханалық ұйымдарда N 095/у нысанына ауыстырылатын денсаулық жағдайы туралы анықтама бере отырып, сабақтан және п р а к т и к а д а н б о с а т у ;

3) сырқаттануды және жарақат алуды азайту жөніндегі іс-шараларды

әзірлеуге қатысу болып табылады.

5. Негізгі міндеттеріне сәйкес фельдшерлік денсаулық пункті:

1) ұзақ және жиі ауыратын құрамды анықтауды және есепке алуды;
2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің қолданылып жүрген бұйрықтарына сәйкес алдын алу медициналық тексерулері мен диспансерлеуді ұйымдастыру жөніндегі дайындық іс-шараларын;

3) диспансерлік қадағалаудағы адамдарды рецидивке қарсы емдеу, оның ішінде физиотерапевтік және процедуралардың басқа да түрлерін босатуды;

4) кәсіподақ ұйымымен бірлесіп, кәсіптік-техникалық мектептердің әкімшілігінің оқушылардың денсаулығын сақтауға, олардың оқу-еңбек қызметі мен демалыс режимі мен жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шараларды о р ы н д а у ы н б а қ ы л а у д ы ;

5) оқушылардың арасында, оларды денсаулық топтары бойынша бөле отырып, дене шынықтыру сабақтарының жүргізілуін бақылауды жүзеге асыруды ;

6) санитарлық-ағарту жұмысын;

7) осы кәсіптік мектеп, лицей және колледж бекітілген емдеу-алдын алу ұйымдарындағы кеңестерде, сондай-ақ педагогикалық кеңестерде оқушылардың арасындағы емдеу-сауықтыру жұмысының нәтижелерін талқылауды жүргізеді.

6. Жасөспірімдер терапевт дәрігерінің (учаскелік амбулаториялық-емханалық ұйым, ОАА терапевт дәрігерінің) және санитарлық-эпидемиологиялық станция дәрігерінің басшылығымен фельдшерлік денсаулық пункті эпидемияға қарсы іс-шараларды (алдын алу егулері, инфекциялық науқастармен байланыста болған адамдарды анықтау және қадағалау) жүргізеді және оқу үй-жайларының, тамақтану объектілерінің санитарлық жағдайына осы объектілер қызметкерлеріне медициналық тексерулердің жүйелі жүргізілуіне бақылауды жү з е г е а с ы р а д ы .

7. Фельдшерлік денсаулық пункті оқушыларды өзіне өзі және өзара көрсетуге оқытуды, сондай-ақ санитарлық постыларды дайындауды ұйымдастырады және жү р г і з е д і .

8. Фельдшерлік денсаулық пунктінде СанЕжН N 02.01.003-95-ге сәйкес үй-жайлар жиынтығы болуы тиіс, ал медициналық жабдықтармен және қатты мүкәммалмен жарақтандырылуы кәсіптік мектептердің, лицейлердің және колледждердің есебінен қолданылып жүрген жабдықтардың табеліне сәйкес жү р г і з і л е д і .

9. Кәсіптік мектептің, лицейдің және колледждің әкімшілігі қолданылып жүрген ережелерге сәйкес фельдшерлік денсаулық пункті үшін санитарлық-гигиеналық талаптарға жауап беретін қажетті үй-жай бөледі, оны жөндеуді, жинауды және коммуналдық қызметтер үшін ақы төлеуді

ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

10. Фельдшерлік денсаулық пунктінің жұмысы емдеу-алдын алу ұйымының бас дәрігері бекіткен жоспар бойынша жүзеге асырылады.

11. Фельдшерлік денсаулық пункті белгіленген тәртіппен есеп беру-есептілік құжаттамасын жүргізеді, өз қызметтері туралы есеп жасайды.

12. Фельдшерлік денсаулық пунктінің өзінің атауы және ол құрамына кіретін емдеу-алдын алу ұйымының атауы көрсетілген бұрыштама мөртаңбасы болады.

М а м а н д а р :

О м а р б е к о в а А . Т .

Багарова Ж.А.